

**«ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ
ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**
Басқарма отырысының
№ 10 хаттамасы

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29А үй.

Отырыстың өткізілген жері: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29А үй, 2-ші қабат, мәжіліс залы.

Отырыстың өткізілген күні мен уақыты: 19 маусым, 2024 жыл, 15 сағат 00 минут.

Қатысқандар:

1. Каримова Бейбиткуль Сарсемхановна, Басқарма Төрағасы-Ректор;
2. Абдрашева Дана Мейрамовна, Басқарма мүшесі-академиялық жұмыстар жөніндегі проректор;
3. Бурибаева Майнура Абильтаевна, Басқарма мүшесі-ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор;
4. Томанов Махмут Муратович, Басқарма мүшесі-стратегиялық даму және IT жөніндегі проректор;
5. Базартай Жандос Нұртайұлы, Басқарма мүшесі-әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор.

Шақырылған:

6. Смагамбетова Анар Калабаевна -Ішкі аудит қызметінің басшысы
7. Шығысбаев Асқар-Экономика және жоспарлау бөлімі басшысы

КҮН ТӘРТІБІ

1. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау Ережесіне («Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 31.10.2018ж. №600 бұйрығы) өзгерістер мен толықтырулар енгізуді алдын-ала қарастыру (Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі-проректор Д.М.Абдрашева).

2. Лауазымдық айлықақыларды есептеу үшін коэффициенттерге өзгерістер енгізу туралы (Экономика және жоспарлау бөлімі басшысы А.Ш.Шығысбаев).

3. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ Директорлар Кеңесінің 2023 жылғы 22 маусымдағы шешімімен (№ 4 хаттама) бекітілген «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының бакалавриат үшін оқу ақысын төлеуге арналған ішкі гранттар мен жеңілдіктердің түрлерін айқындау тәртібі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді алдын-ала қарастыру (Басқарма мүшесі-әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Ж.Н.Базартай)